

ӨӘЖ 811.512.122'221

¹Мұхамеди Қ., ²Иісова Э.

¹ф.ғ.к., доцент, Сулейман Демирель атындағы университет, Қаскелен,
Қазақстан

²ф.ғ.к., доцент, Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты,
Қостанай, Қазақстан

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ДИСКУРСТАҒЫ БЕЙВЕРБАЛДЫ АМАЛДАР

Аңдатпа: Бейвербалды қарым-қатынас түрінің жасалу жолдары мен табиғатын ашып көрсету, әсіресе оның дискурс тұрғысынан көрінісін талдап-жүйелеу жаңа ғылыми бағыттарды терең түсінуге ықпал етеді. Өйткені тілдің әлеуметтік, психологиялық лингвистика сынды салаларының фактілерін салыстыра, салғастыра отырып, кешенді қарастыру барысында бейвербалды амалдардың көптеген сипаттарын ашып көрсетуге болады. Мұндай мақсатқа жетуге арқау болар өзек ретінде педагогикалық дискурс мәселесі туралы да сөз ету орынды, өйткені білім берудің қай сатысында болмасын мұғалім оқушымен, оқушы мұғаліммен қарым-қатынастың бейвербалды түрін де көп пайдаланады. Сондықтан мақалаға сабақ үрдісіндегі мұғалімнің оқушымен қарым-қатынасын жүзеге асыратын бейвербалды амалдар арқау болған. Педагогикалық дискурстың құрамында коммуниканттар арасындағы интеграция мен қарым-қатынасын қарау маңызды болып табылады. Ауызекі сөйлеу тіліне қарағанда жазба мәтінде бейвербалды элементтердің қолданысы аз және қолданылу аясы шектеулі болады. Ауызекі сөйлеу тілінде сөйлеуші мен тыңдаушы және ақиқаттық жағдай қалыптасқан. Осындай ерекшеліктерге байланысты сөйленістерде ғана арнайы қолданылатын паралингвистикалық құралдар тілге еніп, қалыптасып кеткен.

Кілт сөздер: дискурс, бейвербалды амалдар, лингвистика, тіл.

Тілдің қатысымдық функционалдық болмысын сипаттауда дискурстың алатын орны ерекше. Сол себепті де қазіргі кезде тіл біліміндегі дискурс және оның түрлері жөніндегі мәселелер көптеген ғалымдарды ойландыруда, соңғы кездегі зерттеулерде дискурс мәселесі жаңаша ғылыми түйін-тұжырымдармен толығы үстінде. Мәселен, А. Жұмағұлованың зерттеген шешендік сөздердің дискурсы, Т.В. Фурсанованың қарастырған жарнама дискурсы, С.Б. Альпатынаның зерделеген сахна тілі интонациясының дискурсы, Ш.А. Нұрмышеваның зерттеген кинодискурсы, С.Т.Тасымованың әдеби сын дискурсы, Г.Г. Бүркітбаеваның іскери дискурсы, т.б жоғарыдағы сөзіміздің айғағы

іспеттес. Осы қатарға педагогикалық дискурсты да жатқызуға болады. Сонымен қатар дискурс тақырыбы бойынша қорғалған К.К.Садированың «Қазақ тіліндегі көп пропозициялы дискурстың құрылымдық негіздері», А.Е.Саденова «Диалогтық дискурс: қазақ тілін меңгерудің деңгейлік динамикасы», Ж.У.Есинбаева «Ғылыми-көпшілік стиль: дискурстық, тілдік-стильдік талдау», А.Р. Габидуллина «Учебно-педагогический дискурс: категориальная структура и жанровое своеобразие (на примере школьного предмета – русский язык)» т.б. еңбектерді атауға болады.

Дискурсқа ғалым Н.Д.Арутюнова: «Дискурс дегеніміз – өмір сырына бойлаған сөз» [1, 137] деп анықтама берсе, ғалым Ф.Ш.Оразбаева: «...дискурс дегеніміз – қатысымдық тұлғалар /баяншы, хабаршы, қабылдаушы/ арасындағы тіл мен ой сабақтастығының сөйлеу процесіндегі көрінісі болып табылады» [2,274] – дейді.

Жалпы дискурс туралы пайымдаулар мен ғылыми тұжырымдарды барлай қарасак, дискурс түрлерінің көптігіне және оны кең мағынада түрлі арнада зерттеу қажеттігін байқаймыз. Дискурсты кең арнада қарау деген сөз «дискурстың мәтін категориясы», «автор бейнесі» категориясы, тыңдаушы кісі – адресаттың қабылдау үдерісіндегі жағдаяттардың туындауы, коммуниканттар арасындағы психологиялық, философиялық, танымдық категориялардың тілдік бірліктері мен оның қолданысы т.б. Сонымен бірге, дискурсты бір жақты тілден ғана іздеу орынсыз деп ойлаймыз. Сөйлеу актісіне қатысушылардың ақпарат алмасу үдерісіндегі сөз қолданысына ғана мән берумен шектелсек, дискурстың толық қызметі ашылмаған болар еді» - деген С.Т.Тасымованың тұжырымын ұстана отырып, адресант пен адресат арасындағы белгілі бір деңгейде коммуникативтік байланыста қызмет ететін бейвербалды амалдар туралы сөз етуімізге болады.

Педагогикалық дискурс тұрғысынан қарайтын болсақ, ең алдымен, педагог пен білім алушы/тәрбиеленуші арасындағы қатаң бір регламенттік тәртіптің бар екенін сезу қиын емес [3].

Педагогикалық іс-әрекет – педагогикалық процесте жас ұрпақты оқытып, тәрбиелеп, дамытуға, өздерін өздері іске асыруға және еркін шығармашылық тұрғыдан өздерін таныта алуларына қолайлы жағдай жасауға бағытталған *кәсіби іс-әрекет*.

Адамдар тек сөйлесу арқылы ғана қарым-қатынас жасамайды. Ғалым Ф.Оразбаева тілдік және тілдік емес қатынастың ерекшеліктеріне анық сипаттама берген [4].

Негізінен тіл білімінде бейвербалды амалдарды паралингвистика ғылымы қарастырады. Ең алғашқы болып, паралингвистика терминін американдық зерттеушілер енгізген.

Бейвербалды амалдарды біз ақпаратты толық жеткізу үшін қолданамыз. Бейвербалды амалдар – ауызекі тілдің ажырамас бөлігі

болып табылады [5, 111]. Кез келген адам қарым-қатынас жасаған кезде дене қозғалысын, мимиканы, көбінесе қол қимылдарын қолданатынын өзі де байқамайды. Осы тақырыпты терең зерттей келе, ғалым М.П. Ешимов: «... ақпарат алмасу барысында біз амалсыздан-амалсыз автоматты түрде ым тілін пайдаланамыз және соның көмегіне жүгінеміз» дегенді басшылыққа ала отырып, кәсіптік салаға қатысты қарастыратын болсақ, бейвербалды амалдарды мұғалімдер сабақ кезінде, оның ішінде жаңа тақырып түсіндіргенде жиі қолданатынын байқаймыз [6, 108]. Себебі мұғалімнің мақсатын жеткізуге тиімді әсерін тигізеді және білім алушылардың қабылдауын жеңілдетеді. Көбінесе бейвербалды амалдарды қолданатын тіл мамандары және бастауыш сынып мұғалімдері екені белгілі. Бастауыш сынып оқушылары жас ерекшеліктеріне байланысты көптеген ережелерді, терминдерді алғаш рет естігендіктен түсінбей жатады, сол себепті қиын психологиялық жағдай туындайды. Сондықтан мұғалім өзінің кәсібімен қатар актерлік мамандықты да игереді. Кейде тіпті пантомима қолдануына тура келеді.

Бейвербалды амалдарды ерекшеліктеріне қарай келесі топтарға бөлінеді:

- кинесика;
- просодика;
- проксемика.

Нақтылай келсек, бейвербалды амалдардың ішінде ең көп тарағаны – кинесикалық амалдар болып табылады. *Кинесикалық амалдар* дегеніміз – қарым-қатынас барысында қолданылатын мимика, ишара, дене қалыбы, адамның аяқ алысы немесе жүрісі сияқты ұғымдардың жиынтығы ретінде танылады. Сонымен бірге осы аталған атрибуттар тілдік қарым-қатынасқа көмекші құрал болып қызметін атқарады. Яғни, кинесика – сөйлеу аппаратының қимылдарынан басқа адам өзара қатынас жасау үшін қолданылатын барлық ым-қимылдарды зерттейтін сала.

Просодика – тембр, интонация, дауыс қаттылығы, екпін, ырғақ, яғни фонациялық амалдар арқылы коммуниканттардың көңіл-күйі, сезімі, психологиялық сипаты беріледі. Сонымен бірге, Дж. Трейгер просодикалық амалдардың қатарына сыбырлау, күлу, жылау, дыбыстардың тілдік емес (ah, үh, eh, хім, тц) сияқты комбинацияларын жатқызады.

Проксемика – коммуникативтік акт кезінде адамдардың кеңістікте орналасуы. Ол коммуникативтік актіге қатысушы адамдардың арасындағы ара қашықты зерттеуді нысана етіп алады. Проксемика (proximity - жақындық) терминін енгізген американдық антрополог Э. Холл болып табылады. Оның зерттеулері үлкен жетістіктерге жетті. А.Пиз өзінің зерттеу еңбегінде адамның қарым-қатынасындағы кеңістіктің төрт түрлі ара қашықтығын көрсетеді:

- 1) интимдік ара қашықтық (15-46 см);
- 2) жеке ара қашықтық (46 см - 1-2 м. аралығы);
- 3) әлеуметтік ара қашықтық (1-2 м. - 3-6 м. аралығы);
- 4) қоғамдық ара қашықтық (3-6 метрден жоғары) [7, 55].

Кинесикалық амалдар қарым-қатынас барысында қолданылатын мимика, ишара, дене қалыбы.

Мимикаға адамның бет-әлпеті қатысады. «Бет-әлпет» ұғымының ауқымына

-маңдай,

-қабақ соматизміне байланысты кинемалар (қабағын түю, қабығы дірілдеу);

- қас соматизміне байланысты кинемалар (қасын көтеру, қасы дірілдеу);

- көз соматизміне байланысты кинемалар (көзі алаю, көзін бақырайту);

- тіс соматизміне байланысты кинемалар (тісін шықырлату);

- тіл соматизміне байланысты кинемалар (тілін шығару);

- бет соматизміне байланысты кинемалар (бетін тыржиту);

Аталған кинемалардың ішінде педагогикалық дискурста барлығы қолданыла бермейді. Себебі, мұғалім әр қимылымен оқушыны тәрбиелейтінін ұмытпайық. Әсіресе, тіл, тіс соматизмдері мүлде қолданылмайды десек те болады. Ал қабақ, қас, көз соматизмдерін сабақта жиі қолданғанын мұғалімнің өзі де байқамай қалады. Көбінесе, қай тілде болмасын, көркем мәтінін немесе өлең оқып тұрған мұғалім бейнеге «кіріп», аталған соматизмдерді қолданады. Соматизмдер ақпаратты толық жеткізуге көмектеседі. Жалпы, ишара адамның ішкі жан дүниесінің хабаршысы болып саналады. Халықаралық ишаралар, әр елдің өзіне тән ұлттық-мәдени негіздегі бейвербалды амалдарды көркем шығармаларынан, сонымен бірге күнделікті қолданыстан кездесеміз.

Негізі, бейвербалды амалдарды сабақта қолдану өте тиімді болып келетінін байқаймыз. Уақытты едәуір үнемдейміз.

Кейбір тұрақты қалыптасқан бейвербалды амалдарды барлық мұғалімдер қолданады десек қателеспейміз. Мысалы, *тұру* сөзінің мағынасын түсіндіру үшін, бір немесе екі қолды сәл көтерсек жеткілікті. «*Отыр*» сөзінің мағынасын жеткізу үшін керісінше қолымызды төмен сілтейміз. Өзімізге қажет оқушының жауабын естігіміз келсе, сол оқушыға қарап, басымызды сәл көтеріп, *сен айт* деген белгі береміз. *Дұрыс жауап* естігенде мұғалім басын төмен-жоғары изейді. *Қате жауап* естігенде мұғалім басын оңға-солға шайқайды. Бұл жерде *бас изеу* және *бас шайқау* қимылдары бір-біріне қарама-қарсы мағынадағы қимыл болып табылады, немесе антонимдік қимылдар дейміз. *Сұқ саусағын көтеру* назар аудару мағынасын білдіреді. *Екі қолмен ауада алманың нысанын келтіру* жалпы, тұжырымдама жасау мағынасын білдіреді.

Сабақты тыңдамай отырған оқушыға *еш сөйлемей көз тоқтатқанның өзі* түсінікті болады. Бұл тізімді жалғастыра беруге болады.

Қорыта келгенде, педагогикалық дискурстағы бейвербалды амалдар оқушы мен мұғалім, мұғалім мен мұғалім қарым-қатынасын реттеуші ретінде қызмет атқарып, ақпараттық алмасуға, өзара түсінісуге жақсы ықпалын тигізетіні сөзсіз.

Әдебиет:

Список использованной литературы:

1 Арутюнова Н.Д. Дискурс //Лингвистический энциклопедический словарь. – М.: «Советская энциклопедия», 1990. – 683с.

2 Оразбаева Ф. Тіл әлемі. Мақалалар, зерттеулер. – Алматы, АнаРыс, 2009. – 368б.

3 Құрман Н.Ж. Педагогикалық дискурс және оның ерекшеліктері// «Дискурс теориясының өзекті мәселелері» халықаралық электронды ғылыми конференция материалдары. 25 мамыр 2012 жыл.

4 Оразбаева Ф. Тілдік қатынас пен қатысым әдісінің ғылыми-теориялық негіздері //Пед.ғыл.док.дисс.А.,1996, 417-б.

5 Нұрсұлтанқызы Ж. «Бейвербалды амалдар – қарым-қатынастың маңызды элементі»//Қазақ тілі мен әдебиеті. А., 2004, 1, 111-116-б.

6 Ешимов М.П. «Қазақ тілін оқытуда бейвербалды амалдарды қолданудың тиімділігі.»// Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті «Тіл оқытудағы инновациялық басымдылықтар» Халықаралық ғылыми-методикалық конференциясының материалдар жинағы» А., 2011, 108-112б.

7 Пиз А. «Язык телодвижений (как читать мысли других по их жестам)». –Новгород, 1992.-262 б.

¹Мухамади К., ²Исова Э.

¹к.ф.н., доцент, Университет имени Сулеймана Демиреля, Каскелен, Казахстан

²к.ф.н., доцент, Костанайский государственный педагогический институт, Костанай, Казахстан

НЕВЕРБАЛЬНЫЕ СРЕДСТВА ПЕДАГОГИЧЕСКОГО ДИСКУРСА

Аннотация: Выявление природы невербальных отношений, путей их создания, особенно их системный анализ с точки зрения дискурса, влияет на глубокое понимание новых научных направлений. В связи с этим является возможным показ многих сторон невербальных средств «в процессе комплексного рассмотрения и сравнения фактов такой отрасли как социальная психологическая лингвистика языка». Для достижения

заданной цели уместно говорить о проблеме педагогического дискурса, так как, на какой бы стадии образования не было, во взаимоотношениях учителя с учеником наблюдается частое использование невербальных средств. Именно поэтому невербальные средства, осуществляющие взаимоотношения учителя и учеников на уроке, явились толчком для написания данной статьи.

Важным является изучение интеграции и взаимоотношений между коммуникантами в составе педагогического дискурса. По сравнению с устной речью использование невербальных элементов в письменном тексте ограничено. В устной речи сформированы конкретные условия говорящего и слушателя. В связи с такими особенностями в процесс говорения внедрены паралингвистические средства.

Ключевые слова: дискурс, невербальные средства, лингвистика, язык.

¹Mukhamadi K., ²Iisova E.

¹*Ph.D., Associate Professor, Suleyman Demirel University, Kaskelen, Kazakhstan*

²*K.f.n., associate professor, Kostanay State Pedagogical Institute, Kostanay, Kazakhstan*

NON-VERBAL MEANS OF PEDAGOGICAL DISCOURSE

Abstract: Showing the nature of nonverbal relations, ways of their creating, especially systematic analysis from the point of discourse influences deep understanding of new scientific directions. According to this it is possible to show many sides of nonverbal methods “in the process of synthetic consideration of comparative facts of such field as social psychological linguistics of language”. To achieve this goal it is appropriate to take into consideration the problem of pedagogical discourse, because in each level of the relationship among teachers and students frequent using of nonverbal communication is noticed. That is exactly the reason of researching nonverbal methods as the fulfillment of relationship among teachers and students during lessons. Investigation of integration and relationship among communicators, which are in the structure of pedagogical discourse, is important. In comparison with oral speech using of nonverbal elements in written texts is limited. Concrete conditions of listeners and speakers are preformed in oral speech. According to such peculiarities paralingual methods are inculcated to the process of speaking.

Key words: Discourse, non-verbal means, linguistics, language.